



Сыр бойы

12 қазан, сенбі 2024 жыл

№157-158 (20831-20832) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ТАМЫРЫ БІР, ТАРИХЫ ОРТАҚ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстанға ресми сапары аясында түрікмен ақыны Мақтымқұлы Пырағынның туғанына 300 жыл толуына орай өткен «Дәуірлер мен өркениеттер байланысы – бейбітшілік пен дамудың негізі» атты халықаралық форумға қатысты.

Президент өз сөзінде Мақтымқұлының күллі шығыс жұртына ортақ ұлы ойшыл, түрікмен классикалық әдебиетінің негізін қалаған бірегей тұлға екенін атап өтті.

– Мақтымқұлы Пырағы – әлем руханиятында орны бар тарихи тұлға. Сондықтан ЮНЕСКО ақын мұраларын «Әлем жады» атты халықаралық тізімге енгізген. Ал ТҮРКСОЙ ұйымы осы жылды «Түркі әлемінің ұлы ақыны әрі ойшылы Мақтымқұлы Пырағы жылы» деп жариялады. Бұл – барша түркі жұртының ерекше сый-құрметі екені сөзсіз. Ұйымның шешімі ақын шығармаларын халықаралық деңгейде танытуға септігін тигізеді деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, әлемде геосаяси ахуал ушығып, түрлі жаһандық сын-кәтерлер пайда болып жатқан күрделі кезеңде ұлы ойшылдың рухани мұрасы айрықша өзекті болуа түсті.

– Мақтымқұлы поэзиясы терең гуманистік ойларға толы. Ақын өз шығармаларында бейбітшілік, өзара сенім мен құрмет сияқты мызғымас құндылықтарды дәріптейді. Оның әр туындысында Отанға деген шексіз сүйіспеншілік бар. Мақтымқұлы халықты басқа елдермен, яғни күллі әлеммен ынтымақта өмір сүруге шақырды. Мұны жарқын болашақтың кепілі деп түсінді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде Түрікменстан ауқымды әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жүргізіп, қарқынды даму жолына түскеніне назар аударды. Сонымен қатар бұл шаралар сан ғасырлық тарихы бар түрікмен мемлекеттілігін нығайта түсетініне сенім білдірді.

– Келесі жылы Түрікменстан тұрақты бейтараптық саясатының отыз жылдығын атап өтеді. Бауырлас жұрт осы қағидатты берік ұстанып отыр. Ұлттық бірегейлігін сақтап, елдік мүддесін қорғап келеді. Осы табанды саясатының арқасында Түрікменстанның халықаралық деңгейдегі абырой-беделі арта түсті.

2-бет

/// ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ

КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДАҒА САПАРЫ



Сыр өңіріне Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының Төрағасы У Вон Шик бастаған ресми делегация жұмыс сапарымен келді. Делегация мүшелерін Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев күтіп алды.

2-бет

/// «АЛТЫН КҮЗ – 2024»

ДАЛА ЕҢБЕККЕРЛЕРІ ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Кеше «Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен дала еңбеккерлерінің дәстүрлі «Алтын күз – 2024» мерекесі өтті. Биылғы диқандар тойы аймақтың орман шаруашылығы саласының 90 жылдығымен және Қала күнімен тұспа-тұс келіп, молшылық маусымындағы дүбірлі мерекеге ұласты.

Салтанатты іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент Сенаты Кеңесінің мүшелері Қуаныш Сұлтанов, Өмірзақ Озғанбаев, Рашид Әкімов, Бірғаным Әйтимова, Динара Нөкетаева арнайы қатысты. Сонымен қатар, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, басқарма басшылары, қала, аудан әкімдері, сала ардагерлері, еңбек озаттары және шаруашылық өкілдері де келді.

Аймақ басшысы жиналған қауымды молшылық маусымының берекелі мерекесімен құттықтап, өңірдегі жетістіктерге тоқталды.

2-бет



/// БҮГІН – ҚАЛА КҮНІ

ДАРИЯНЫҢ ЖАҒАСЫНДА ДҮР ҚАЛА БАР

ТҰЛҒАЛАР ІЗІ ҚАЛҒАН ТҰҒЫРЛЫ ҚЫЗЫЛОРДАМ

Биыл іргетасы қаланғанына 206 жыл толып отырған Қызылорда өз тарихында бірнеше атау иеленген. Іргесі қаланған 1818 жылы Ақмешіт деп аталған. 1853 жылы Сыр бойына 55 жыл билік жүргізген кокаандықтарды қуып шыққан Орынбор генерал-губернаторы В.Перовскийдің құрметіне қала Перовск болып өзгерді. 1867 жылы ол Сырдария уезінің орталығына айналды.

Ал 1922 жылы қайтадан Ақмешіт атауын алды. 1925-1929 жылдары Қызылорда атын иеленіп, Қазақстанның астанасы болғаны тарихтан мәлім.

Осы астана мәртебесіне орай бізде жансақ пікірлердің орын алып жүргені жасырын емес. Өйткені, біраз жұрт, тіпті тарихшылар мен ғалымдар да еліміздің

бірінші астанасы Орынбор болған деп санайды. Бұл – қате пікір. Орынборға астана мәртебесі берілмеген, ол саяси-әкімшілік орталық болды. Бұл кезде «қазақ» атауының өзі ресми қалыптасқан жоқ-ты.

1924 жылы 17 желтоқсанда «Ақжол» газетінде Сұлтанбек Қожанов: «Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқ қазақтың киіз үйі тігілген ауылында болса да, қазақ жұртына жуық болуы керек» деп жазған еді. Өйткені, қазақ Үкіметінің Орынбор ортасындағы бір ғимаратта ғана орналасқаны болмаса, қала түгелімен кеңес меншігінде тұрды.

Бұған қоса 1920 жылы Киргиз (Қазақ) АКСР-і құрылғанымен, Жетісу мен Сырдария облыстары Орта Азия территориясындағы қазақтарды қамтитын Түркістан республикасының құрамында қалған еді. 1925 жылы

сәуірде Орынбордан Қызылордаға келген Үкімет делегациясын қарсы алғанда он бес жастағы Әбділда Тәжібаевтың өлең оқығаны да бір тарих.

Ал 15 сәуір күні Киргиз (Қазақ) АКСР-і кеңестерінің V съезі ашылды. Осы съезде мұнан былай «киргиз» атауы «қазақ» деген тарихи атауына қайтарылып, Қазақ Республикасының астанасы Ақмешіт Қызылорда болып өзгертілсін деген шешім қабылданды.

Осы тарихи шешімді қабылдауға республика Орталық комитетінің төрағасы Жалау Мынбаев, Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Сұлтанбек Қожанов, қазақ өнері мен мәдениетінің өкілдері Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин, Александр Затаевич қатысты.

3-бет

/// КОНФЕРЕНЦИЯ

ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН ҚАЙРАТКЕР



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен өңір тарихында өзіндік орны бар, Ұлы Отан соғысының ардагері, ғибратты ғұмыр иесі Гафур Мұхамеджановтың туғанына 100 жыл толуына орай «Еселі еңбегімен еленген қайраткер» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияға сала басшылары, қоғам қайраткерлері, ғалымдар, облыстағы зиялы қауым, ардагерлер және Ғ.Мұхамеджановтың туыстары, ұрпақтары қатысты.

4-бет

ТАМЫРЫ БІР, ТАРИХЫ ОРТАҚ

Бейтарап Түрікменстан әлемдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға мол үлес қосуда. Сондай-ақ Орталық Азия және Каспий аймағында көпжақты ынтымақтастықты дамытуға ықпал етуде. Біріккен Ұлттар Ұйымы 2025 жылды «Халықаралық бейбітшілік және сенім жылы» деп жариялады. Бұл игі бастаманы Түрікменстан елі көтерді. Мақтымқұлы түрікмен жұртының іргелі ел болуын аңсап өтті. Бүгінде ұлы бабаның арманы ақиқатқа айналды. Түрікменстан өсіп-өркендеген мықты мемлекет болып отыр, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда Мақтымқұлы Пырағының 300 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған мәдени іс-шараларға тоқталып, бұл бастамалар ұлы ойшылдың мұрасын жан-жақты насихаттауға жол ашатынын және мәдени дипломатияны дамыта түсетінін жеткізді. Әсіресе, Астанада бой көтерген Мақтымқұлының ескерткішін екі ел арасындағы мызғымас достық пен тату көршіліктің символы деп бағалады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Түрікменстанға ресми сапары аясында Ашхабадта қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының ескерткіші салтанатты түрде ашылғанын атап өтіп, Абай мен Мақтымқұлы туындыларында өзара үндестік пен үйлесім бар екенін айтты.

– Олардың рухани мұрасы екі елдің сан қырлы мәдениетін байытып, барша адамзаттың ортақ құндылығына айналды. Қазақ-түрікмен халықтарының тамыры – бір, тарихы – ортақ. Достығымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі бар. Осы мызғымас құндылықтардың негізінде екі мемлекет арасындағы ынтымақтастық белсенді дамуда. Мұның бәрі қазақ-түрікмен қатынастарын одан әрі нығайта түсері сөзсіз, – деді Президент.

Сонымен қатар форумда Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Иран Президенті Масуд Пезешкиан, Пәкістан Президенті Асиф Али Зардари, Ресей Президенті Владимир Путин, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Армения Президенті Ваагн Хачатурян, Монғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух, Түркия Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Нуман Куртулмуш сөз сөйледі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түрікменстанға ресми сапары Түрікменстан Халк Мәжілісінің төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен кездесуден басталған болатын. Қазақстан Президенті мен Түрікменстан Халк Мәжілісінің төрағасы Ашхабад төрінде ұлтымыздың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысты. Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қойып, түрікмен елінің басты ескерткішіне тағзым ету арқылы екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықтың берік екенін көрсетті.

Мемлекет басшысы Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Келіссөздер қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері алдында бірлескен мәлімдеме жасады.

1-бет

БАЙҚОҢЫР: СУ ЖӘНЕ КӘРІЗ ҚҰБЫРЛАРЫ АУЫСТЫРЫЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгинмен кездесті. Кездесуе облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай қатысты.

– Екі елдің Мемлекет басшыларының қолдауының арқасында Байқоңыр қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жыл сайын жақсарып келеді.

«Байқоңыр қаласын сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау» жобасы бойынша жұмысты бастау үшін 27 күркіүйекте мердігерге («Мелноратор» ЖШС) 144 млн теңге аванс төленді. Жыл соңына дейін 625 млн теңге бөлу қарастырылған. Жобаның жалпы құны – 12 млрд теңге, бұл қаржы қаланың су және кәріз құбырларын түгел ауыстыруға бағытталмақ. Жұмыс 17 қазанда ең алдымен, қала әкімшілігі ұсынған проблемалық учаскелерден басталады.

Бес тұрғын үйдің құрылысына қатысты айтсақ, мердігерлер міндеттемені орын-дамағандықтан, Қармақшы ауданының әкімдігі келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзды. Қазіргі уақытта құрылысты аяқтауға конкурс жарияланды. Жұмысты келесі жылы бітіру жоспарлануда, – деді Н.Нәлібаев.

К.Бусыгинмен бұған дейінгі кездесуде облыс әкімдігінің қаражаты есебінен қалада заманауи спорт кешенін салу туралы келісілген болатын. Бүгінде жер учаскесі анықталған, кешеннің дайын жобасы бар. Жаңа нысанды «Байқоңыр» ғарыш айлағының және қаланың 70 жылдығына орай пайдалануға беру жоспарланған.

Қала әкімшілігі тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне қолайлы жағдай жасауда. Коммуналдық қызметтердің сапасын жақсартып, қолжетімділігін арттыруда жүйелі жұмыс бар. Атап айтқанда, Ресей тарапы тұрғындарды газ, жылу-электр станциясымен қамтамасыз етеді.

Кездесуде Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы облыс көлемінде жүзеге асырылған жұмыстардың ауқымы мен Қызылорда қаласының күн санап көркейіп келе жатқанын ерекше атап өтіп, бірлескен жұмыстардың маңыздылығына тоқталды.

ДАЛА ЕҢБЕККЕРЛЕРІ ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ



– Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен Сыр өңірінде мақсатты бастамалар қолға алынып, ауқымды жобалар жүзеге асуда. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд теңге болатын, бүгінде 744 млрд теңгеден асты. Бұл қаражат аймақтағы ең өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталды.

Осы жылы 8 млрд 800 млн теңгеге 250 ауыл шаруашылығы техникасы алынып, машина-трактор паркы 5 пайызға жаңаланды. Оған қоса 7 млрд теңгенің 11 инвестициялық жобасы жоспарланып, бүгінде 7 жоба жүзеге асты. Қалған 4 жоба жыл соңына дейін іске қосылады. Осылайша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі артып, осы жылы 229 млрд теңгеге жетеді.

Ерте көктемнен қара күзге дейін еткен еңбектің, төккен тердің нәтижесінде мол өнім алған дикандарымызды, аймақ табиғатының көркеюіне өлшеусіз үлес қосқан орманшыларымызды құрметпен марапат төріне шығару – біз үшін үлкен мәртебе.

Ақ күріштің атасы, дала академигі Ыбырай Жақаевтың ізбасарлары биыл да ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Сыр дикандары 189 мың 400 гектар жерге егін екті. Негізгі дақыл – күріштің көлемі 85 мың 600 гектарды құрап (өткен жылдан 3,4 мың гектарға кем), әр гектардан 58 центнерден өнім алынып, жарты миллион тоннаға жуық күріш жиналды. «Мағжан және Компания», «Ер-Әлі», «Тан ЛТД» ірі шаруашылықтары күріштің әр

1-бет



Суреттерді түсірген Б.Есжанов

КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДАҒА САПАРЫ

Аймақ басшысы екі ел арасындағы стратегиялық қарым-қатынастың тиімділігіне тоқталды.

– Екі елдің Президенттері қазақ-корей ынтымақтастығын жоғары деңгейге көтерді. Сізді Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының Төрағасы Қызметіне тағайындауыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Жұмысыңызға табыс тілеймін.

Біздің Қызылорда облысына өткен ғасырдың басында қоныстанған корей ағайындармен жергілікті халық тату-тәтті өмір сүріп келеді. Елімізде әр этностың өз тамырынан ажырамай, тілі мен ділін сақтауына барлық жағдай жасалған. Корейлер өздерінің адал еңбегімен аймақтың әлеуметтік-экономикалық, аграрлық және мәдени-рухани дамуына зор үлес қосуда.

Өмірінің соңғы жылдарын қазақ жерінде өткізген генерал Хон Бом Донның құрметіне Қызылорда қаласында мемориал тұрғызылып, оның есімі қаланың бір көшесіне берілген. Бұл – корей халқына, батырдың ерлік даңқына деген шынайы ықылас пен зор құрметтің белгісі.

Өзінің тікелей қолдауымен Сеул Ұлттық ғылыми-техникалық университеті президентімен кездесіп, білім және ғылым саласында тиімді байланыс орнатылды. Өткен жылқықараша айында Қорқыт ата университетінде Жасанды интеллект мектебі ашылып, қазір онда 100 студент білім алууда.

1-бет

гектарынан орташа 80 центнерге жуық өнім алғанын атап өтуге болады.

Адал еңбегімен төрден орман саласының қызметкерлерін марапаттап, сый-құрмет көрсету дәстүрін жалғастырамыз. Қам-бамыз дөңге, қорамыз малға толып, халқымыздың құт-берекесі арта бергей, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі ерте көктемнен егін даласында тер төгіп, жетістікке жеткен дикандарды құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа Жолдауында «Ел мүддесі – бәрінен биік. Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиіс. Еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі» деген болатын. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатын ұрпақ санасына кенінен сіңіру, насихаттау, қарапайым еңбек адамдардың дәріптеу – басты мақсатымыздың бірі! Алаштың анасы атанған Сыр елі еңбегімен елге сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болған абзал да адал жандарға кенде емес. Аймақ дикандары қамбаны астыққа толытырып, құрмет төріне шығуда. Еңбек озағтары, ауыл шаруашылығы саласының үздіктері жоғары марапат тұғырынан көрінді. Егемен еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! – деді Н.Нәлібаев.

Мерекелік іс-шарада еңбек жолын механик болып бастап, кеңшар директоры, аудан әкімі, басқарма басшысы қызметтерін атқарып Әбибуллаев Ибрагим Сражадинұлына «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Сала үздіктері мен ардагерлеріне Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің Алғыс хаты, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалы, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Сонымен қатар орман шаруашылығы қызметкерлері де құрмет төрінен көрінді. Атап айтсақ, «Еңбек сіңірген орман өсіруші» құрметті атағы, I, II, III дәрежелі «Қазақстан орманын қорғаудағы мінсіз қызметі үшін» төсбелгісі, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Құрмет грамотасы табысталды.

Жыл қорытындысымен өңірдің агроөнеркәсіп кешені саласында үздік жетістіктерге жеткен еңбек озағтары да марапатқа ие болды. Атап айтсақ, «Озат бақташы», «Озат шопан», «Озат жылқышы», «Озат түйекеш», «Озат ветеринар», «Озат асылтұқымды мал өсіретін үздік репродуктор-шаруашылық», «Озат бидай өсіруші», «Озат жоңышқа өсіруші», «Озат көкөніс өсіруші», «Озат мақсары өсіруші», «Озат агроном», «Озат картоп өсіруші», «Озат бақша өсіруші», «Озат гидротехник», «Озат күріш өсіруші», «Озат жатқа машинисі», «Озат комбайншы», «Озат бригадир», «Озат өңдеу кәсіпорны», «Озат тұқым шаруашылығы», «Озат егін шаруашылығы», «Озат телеарна тілшісі», «Озат газет тілшісі» номинациялары берілді.

«Ауыл шаруашылығы саласында үздік жетістіктерге жеткен озат аудан» номинациясы бойынша аудандар марапатталды. «Балық шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» болып Арал ауданы, «Су үнемдеу технологиясын

қолдану бойынша озат аудан» болып Шиелі ауданы, «Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту бойынша озат аудан» болып Сырдария ауданы, «Мал шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» болып Жанакорған ауданы, «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы бойынша озат аудан» болып Қазалы ауданы, «Егін шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» болып Қармақшы ауданы танылды.

«Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға билығы жылы ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген үздік аудан» номинациясы Жалағаш ауданына берілді.

Өндіріс озағтарына «Абзал и К» ТС 5, «Тан ЛТД» ЖШС 3, «Ақжар» шаруа қожалығы 2 автокөлік табыстады.

Мемлекет басшысының су үнемдеу туралы тапсырмасына сәйкес аймақта су көп қажет ететін дақылдар көлемі оңтайландырылып, үнемдеу технологиясы енгізілді. Биыл жаңа технологияларды пайдалану көлемі 4 мың 400 гектарға жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 есе артық. Шиелі, Қазалы, Арал аудандарында су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы 3 ірі жоба іске асуда.

Су шығынын азайтуда егістік жерді лазерлік тегістеудің маңызы зор. Соңғы жылдары дикандар 55 мың гектар күріш егістігін лазерлік тегістеуден өткізді. Нәтижесінде суды үнемдеп, өнімділікті 30 пайызға арттырды.

Мемлекет басшысының қолдауымен бастау алған «Кең дала-2» бағдарламасы дикан қауымына қолайлы болды. Бағдарлама аясында егін өю және жинау жұмыстарына жеңілдетілген пайызбен 10 млрд теңге несиесі алды.

Одан бөлек, саланы кешенді қолдау арқасында шаруашылық құрылымдары егіске қажетті минералды тұнайқыштар, сапалы тұқымдар және арзандатылған дизель отынымен толық қамтамасыз етілді.

Мемлекет басшысының бастамасымен өткен жылдан бері «Ауыл аманаты» жобасы бастау алды. Ауыл халқының тұрмыс-тіршілігін, әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бұл жоба аясында өткен жылы 3 млрд теңгеге 406 жоба жүзеге асып, 713 жаңа жұмыс орны ашылды. Биыл 4 млрд 600 млн теңгеге 575 жоба қолға алынған.

Агробизнес өкілдері ауылдарды дамытуда, халықтың тұрмысын жақсартуда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ауқымды жұмыстар атқаруда. Соңғы жылдары елді мекендерді абаттандыру, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және әлеуметтік нысандарды қайта жаңғыртуға ауыл шаруашылығы құрылымдары 7 млрд теңгеден астам қаржы бағытталды.

1-бет

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// БҮГІН – ҚАЛА КҮНІ

Жаса, жайна, Қызылорда!



/// БІЛІМ

Білімге құштар жасты көргенде қуанып қаламыз. Аядай ауылдан шыққан дарындылардың бірі – Аружан Бекір.

АРМАНЫМ – АУЫЛ МЕКТЕБІНДЕ МҰҒАЛІМ БОЛУ



Ол – Жаңақорған ауданының тумасы. Қарапайым, тәрбиелі отбасынан шыққан. Үйдегі бес баланың төртіншісі. Әкесі Шәкірат Зиятов пен анасы Нүргүл Мырзабаева – үй шаруасындағы жандар.

Аружан «Кейден» ауылындағы №208 қазақ орта мектебін «Алтын белгімен» бітірген. ҰБТ-дан жоғары балл жинап, әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенті атанды. Алғыр кезеңді қатысты, оқуын үздік аяқтады. Өткен жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіне «Математика пәні мұғалімі» мамандығы бойынша магистратураға грантқа түсті. Оқудың алғашқы жылында Түркияның Стамбул қаласына магистратуралық тәжірибемен екі аптаға барып, білімін шыңдап қайтты. Талапты жас мұнымен тоқтап қалмады. Бірінші курстың соңында халықаралық конкурстық бағдарлама жайлы естіп, қатысуға бекінді. Ол Словакия мемлекетінің ұлттық стипендиялық бағдарламасы (National Scholarship Program of Slovak Republic) еді.

Аружанға алдымен ата-анасы қолдау білдіріп, сенім артты. Конкурста өтініш қалдыру процесі күрделірек болып, 2 ай қорытындыны күтті. Биыл маусым айының соңына қарай конкурстың жауабы шықты. Грант иегерлері тізімінен өзінің атын көріп, қуанышында шек болмады. Осылайша ол академиялық ұтқырлық аясында грант жеңіп алды.

– Бұл мен үшін үлкен жетістік болды. Сырт елде білім алып, тәжірибе алмасу – керемет мүмкіндік. Осы конкурс жайлы естігенде, өтетініме сенімді болдым. Бак сынап, өттім. Қуанышты жаңалықты ес-

тігенде алдымен ата-анама телефон соғып, сүйінші сұрадым. Ол кісілер ақ батасын берді.

Жол дайындығына кіріскенде біршама қиындық туды. Алдымен Еуропаға визаға өтініш қалдырдым. Тамыз айында Астана қаласындағы елшілікке келісім берілді. Қыркүйек айының басында Словакияға келдім. Бұл жақтан да тәжірибе, жаңа ақпараттар жинап, білімді арттырамын деген үміттемін, – деді ол.

Жалпы бағдарлама аясында дүниежүзінен 190 студент грант ұтып алған. Оның ішінде 6 қазақстандық студент бар, еліміздегі белгілі жоғары оқу орындарының озаттары, бәрі де білімді.

Аружан бес тілде еркін сөйлейді. Қазір словак тілін үйреніп жүр.

– Словакиядағы университетте математика пәні бойынша оқуымды жалғастырудамын. Бұл жақта 6 ай боламыз, толық бір семестр. Барлық сабақ ағылшын тілінде, аптасына 4 күн. Содан кейінгі уақытты әзірге қала аралауға арнап жүрміз. Университет жатақханасынан орын берілді. Жатақхана, үшу билеттері және ай сайынғы стипендиямен Словакияның ұлттық стипендиялық бағдарламасы қамтамасыз етеді, – дейді ол.

Аружанның алдына қойған арманы асқақ. Ол оқуын аяқтаса, өзге жас мамандар секілді қалаға асықпайды. Дипломын қолына алса, ауыл мектебіне жұмысқа орналасып, шәкірттерге сабақ бермек. Бұл ойына іштей қуанып қалдық. Болашақта оның білікті маман болатынына сенім мол.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// БАЙҚАУ

ҮЗДІК ТУЫНДЫЛАР ТАҢДАЛДЫ

Қала күні мерекесі аясында Б.Шөкенов атындағы саябақта «Қызылорда – таланттылар қаласы» атты облыстық дәстүрлі фотографтар байқауы өтті.

Байқауға кәсіби және әуесқой фотографтар қатысып, өз еңбектерін ұсынды.

Шараның негізгі мақсаты – қаламыздағы тарихи ескерткіштер, көпшілік-мәдени орындар мен қала тұрғындарын суретке түсіріп, шаһар шырайын бейнелейтін туындыларды ел назарына ұсыну.

Фотографтардың назарына іліккен суреттер ерекше болды. Түрлі тақырыпты қамтыған еңбектер жоғары бағаланды.

Байқау нәтижесі бойынша Оксана Черникованың туындысы үздік атанып, бас жүлдені жеңіп алды. Ал бірінші және екінші орындары Қайрат Шалтақбаев пен Сергей Коновалов иемденді. Наталья Голованова үшінші орынды еншіледі, Болат Омариалиев атындағы арнайы номинациямен марапатталды. Ал «Қас қағым сәт – бір өмір» но-



минациясын Дамир Шакиев жеңіп алды.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов шараның маңыздылығына тоқталып, жеңімпаздарды марапаттады. Оларға қала

әкімінің Алғыс хаттары мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// КӘСІП ПЕН НӘСІП

ЖҰМЫС ҚОЛҒАБЫНА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Сырдария ауданына қарасты «Бесарық» ауылындағы мектептің денешынықтыру пәні мұғалімі Самат Ақпанбетов пен жары Гүлзира жұмысқа арналған қолғап шығаруда.

Кәсіптің бұл түрін қолға алуына қызығушылығы себеп болған. Самат әлеуметтік желі, YouTube-тан қолғап шығаруға қатысты бейне материалдарды көруді ұнатады. Осы саланы екі жылдан астам уақыт зерттей келе, отбасымен ақылдасып, қолғап шығарып көруге бел байлайды.

Саматтың келіншегі мектепте информатика пәнінен сабақ береді. Екеуі 5 баланы өсіріп, тәрбиелеуде.

– Қазір бір ғана табысқа қарап отыратын уақыт емес. Ешкімге қол жаймай балаларымызды аяққа тұрғызымыз келеді. Сол үшін отбасылық кәсібіміз болғанын қалаймыз. Бұған дейін де кәсіппен айналысып көргенмін. Сала бізге тансық емес. Дегенмен осы жолы хоббиімді бизнеске айналдырып көргім келеді, – дейді Самат Ақпанбетов.

Олар ең алдымен нарықты зерттеді. Қызылорда облысының өзінде жұмыс қолғабы шығарылмайтынын білді. Облыс тұрғындары оны көрші Шымкенттен, Қытайдан алдырады екен. Содан істі жақсы білетін мамандарды іздеп тапты. Таразда осы салаға машықтанған кәсіпкерлер бар екен. Солармен серіктес болып, Қытайдан қолғап шығаруға қажет жип пен шағын цехтың құралы әкелінді.

– Кәсібімізге қажет қаржыны «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығынан алдық. Мемлекеттік бағдарлама аясында аз пайызбен 6 млн теңге несиеге осы ісімізді бастап отырмыз. Қазір нарықта жұмыс қолғабы 120-150 теңгеден сатылып жатыр. Біз 80-85 теңгеден береміз. Сұраныс жоғары. Алғашқы партияны құрылыс заттарын сатумен айналысатындар қуана-қуана алып кетті, – дейді кәсіпкерлер.



«Гүлзира» ЖК қазір күніне 200-250, аптасына 1200-1500 қолғап шығарып жатыр. Цехтың қуаттылығына сай өнім шығаруына Гүлзира, ал өнімнің сапасы мен тұтынушы табуға Самат жауапты. Әзірге бар шаруаны өздері істеп жатқан

отбасылық кәсіп иелері болашақта екі жұмысшы алуды көздеп отыр.

Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығының баспасөз қызметі

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.